

Анықтама

Үнемді тұтыну

Тақырыбы: Суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында 1-4, 5-7 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Төменгі 1-4 және орта 5-7 сынып оқушыларының бойында экологиялық мәдениетті, жауапкершілікті және табиғи ресурстарды (су, жарық, тағам) үнемдеп пайдалану әдетін қалыптастыру.

Атқарылған жұмыстар мәтіні:

Мектепте 1-4 және 5-7 сынып оқушылары арасында «Үнемді тұтыну – өмірлік дағды» атты тәрбиелік шаралар мен акциялар кешені өткізілді. Бастауыш сыныптарда (1-4 сынып) су мен жарықты үнемдеу тақырыбында ертегілік кейіпкерлердің қатысуымен ашық сабақтар, «Астың да сұрауы бар» тақырыбында мектеп асханасында нанды қадірлеу акциялары ұйымдастырылды.

Орта сынып оқушыларымен (5-7 сынып) табиғи ресурстардың таусылу қаупі туралы пікірталастар мен эко-сағаттар өткізілді. Мектеп ішіндегі су кранының жанына, асханаға және сыныптардағы жарық қосқыштардың түбіне оқушылардың өздері салған «Суды үнемде!», «Жарықты өшір!», «Асты ысырап қылма!» деген ескерту белгілері мен стикерлері жабыстырылды. Сынып жетекшілері күнделікті тұрмыста энергия мен суды қалай үнемдеу керектігі туралы практикалық кеңестер берді.

Нәтижесі: Оқушылар мектепте де, үйде өмірде де суды ағызып қоймауға, бөлмеден шығарда жарықты өшіруге және асханада тамақты ысырап етпеуге дағдыланды. Мектеп бойынша жарық пен суды тұтыну көрсеткіші үнемдеу бағытына көшті.